АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ҚҰРМАНҒАЗЫ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
КУРМАНГАЗИНСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2024 жылдың 10 сәуір
Құрманғазы ауылы

№ 69
село Құрманғазы

Аудан әкімінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған резерв қорынан қаражат бөлу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексінің 20 бабын, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 15 бабының 2, 3 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №89538 болып тіркелген), Атырау облысы әкімінің 2024 жылғы 7 сәуірдегі №3 «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімін басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімі аппаратына, Құрманғазы және Дыңғызыл ауылдық округтеріне судан қорғау бөгеттерінің аса қауіпті учаскесін нығайтуға және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарын жүзеге асыру мақсатында, еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындауы салдарынан, дереу қалпына келтіруді талап етуіне байланысты ауданның табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған резервінен көктемгі су тасқыны зардаптарының алдын алу шараларын жүргізуге көзделген шекте қаржы қосымшаға сәйкес бөлінсін.

2. Бөлінген қаржыны мақсатына сай жүзеге асыру аудан әкімі аппаратының басшысы К.Булековке, Дыңғызыл ауылдық округінің әкімі О.Азимовке, Құрманғазы ауылдық округінің әкімі А.Мусаға тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Хасановқа жүктелсін.

Аудан әкімі **А.Жангалиев**

Аудан әкімдігінің
2024 жылғы «10» сәуірдегі
№ 69 қаулысына қосымша

Р/с	Мекеме атауы	Қаржы көлемі (мың теңге)	Негіздеме
1	«Құрманғазы ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі 122106- «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы	17063,0	1. Құрманғазы ауданының елді мекендерін 2024 жылғы көктемгі су тасқынынан қорғау жөніндегі штаб отырысының 2024 жылғы 4 сәуірдегі №1 хаттамасы. 2. Атырау облысы әкімінің 2024 жылғы 7 сәуірдегі №3 «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі. 3. Аудан әкімі аппарат басшысы К.Булековтың 2024 жылғы 9 сәуірдегі №06-07-01-05-4/1136 хаты, есептіліктері. 4. Аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының 2024 жылғы 9 сәуірдегі №06-07-02-02/144 санды Қолдау хаты, жиынтық есеп, қорытынды, түсіндірме жазба.
2	«Дыңғызыл ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі 124106-«Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы	7 898,0	1. Құрманғазы ауданының елді мекендерін 2024 жылғы көктемгі су тасқынынан қорғау жөніндегі штаб отырысының 2024 жылғы 4 сәуірдегі №1 хаттамасы. 2. Атырау облысы әкімінің 2024 жылғы 7 сәуірдегі №3 «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі. 3. Дыңғызыл ауылдық округінің 2024 жылғы 3 сәуірдегі №06-07-17-05/181 өтініш хаты, есептіліктері. 4. Аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының 2024 жылғы 9 сәуірдегі №06-07-02-02/144 санды Қолдау хаты, жиынтық есеп, қорытынды, түсіндірме жазба.
3	«Құрманғазы ауылдық округінің әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі 124106-«Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның	5000,0	1. Құрманғазы ауданының елді мекендерін 2024 жылғы көктемгі су тасқынынан қорғау жөніндегі штаб отырысының 2024 жылғы 4 сәуірдегі №1 хаттамасы. 2. Атырау облысы әкімінің 2024 жылғы 7 сәуірдегі №3 «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімі. 3. Құрманғазы ауылдық округінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі №06-07-09-1/226 өтініш хаты, есептіліктері. 4. Аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының 2024 жылғы 9 сәуірдегі

	төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы		№06-07-02-02/144 санды Қолдау хаты, жиынтық есеп, қорытынды, түсіндірме жазба.
Барлығы:		**29 961,0**	